«ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ЗАЧАГАН КЕНТІ ӘКІМІНІҢ
АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ӨКІМ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
ПОСЕЛКА ЗАЧАГАНСК
ГОРОДА УРАЛЬСКА»

РАСПОРЯЖЕНИЕ

Зачаган кенті, 25 Чапаев дивизиясы 2-үй
тел:50-18-80

Зачаганск, 25 Чапаевская дивизия 2
тел: 50-18-80

2025 жылы «26» 06 № 135

БҚО, Орал қаласы, Зачаган кенті, Коминтерн шағын ауданы және Анискино көлі ауданының бөгеттеріне қызмет көрсету үшін, жер учаскесін құжатпен рәсімдеуді бір көзден келісім шарт жасау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37 – бабы және «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына сәкес. Мемлекеттік сатып алу заңының 16-бабы, 3-тармағы, 28-тармақшасына сай, егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу негіздемесін басшылыққа алып:

1. БҚО, Орал қаласы, Зачаган кенті аумағындағы Коминтерн шағын ауданы және Анискино көлі ауданының бөгеттеріне қызмет көрсету үшін, жер учаскесіне топографиялық түсірілім жұмыстарын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы акционерлік қоғамының БҚО бойынша филиалымен бір көзден сатып алу тәсілімен келісім-шарт жасалсын.
2. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Кент әкімі **А. Аубекеров**

000481